

Пән/Предмет: Қазақ тілі мен әдебиеті

1-15 тапсырмалар [әр дұрыс жауап үшін 1 ұнай беріледі]

1. Бірге жазылатын сөздерді табыңыз.

- A) жылы су, жарқын болашақ
- B) сабақ кестесі, үй жиһазы
- C) ақ қайың, тоқым қағар
- D) күні бойы, ақ қайық
- E) сынып бұрышы, қисық таяқ

2. Үш сөзден біріккен сөзді табыңыз.

- A) Шымбұлақ
- B) Көкқұтан
- C) Жезқазған
- D) Бозторғай
- E) Алтықарасу

3. Бірыңғай жуан буынды сөзді табыңыз.

- A) Адамгершілік
- B) Ізеттілік
- C) Қарапайымдылық
- D) Қатігездік
- E) Жіңішкерек

4. Үш буынды әрі бірыңғай бітеу буынды табыңыз.

- A) олимпиада
- B) кітаптар
- C) шырғалаң
- D) бозторғай
- E) достар

5. Буын үндестігі сақталмаған сөзді табыңыз.

- A) Имандылық
- B) Үнемшілдік
- C) Рақымшылдық
- D) Егіншілік
- E) Адамгершілік

6. Тура мағыналы тіркесті қатарды табыңыз.

- A) Әуеге ұшу

- В) Зәресі ұшу
- С) Мұрттай ұшу
- Д) Иманы ұшу
- Е) Үрейі ұшу

7. Зат есімді синоним қатарын табыңыз.

- А) Өзгерген, жетілген, ысылған
- В) Жүз, дида, келбет
- С) Мұңды, қайғылы, қасіретті
- Д) Іс, әрекет, сөз
- Е) Алыс, шалғай, қашық

8. «Үріп ауызға салғандай» тұрақты тіркесінің антонимін табыңыз.

- А) Әйгілі
- В) Ажарлы
- С) Көріксіз
- Д) Пысық
- Е) Көңілсіз

9. «Темір етік теңгедей, темір найза тебендей» қай қатарға тән.

- А) Синекдоха
- В) Ирония
- С) Гипербола
- Д) Эпитет
- Е) Литота

10. Шығарманың композициясы-

- А) Шығарманың шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы
- В) Тұтас оқиғалар мазмұнын қысқаша баяндауы
- С) Шығармада баяндалатын оқиғалар тізбегінің ретімен орналасуы
- Д) Шығарма авторының негізгі ойы
- Е) Көркем шығармаға арқау болған өмір құбылыстарының түйіні

11. Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал» кітабы қай жылы кітап болып шығарылды.

- А) 1906
- В) 1909
- С) 1907
- Д) 1900
- Е) 1905

12. Қазақ әдебиеті тарихында хикаят жазған қаламгер

- А) Мұхтар Әуезов
- В) Ыбырай Алтынсарин
- С) Ахмет Байтұрсынов
- Д) Бердібек Соқпақбаев
- Е) Міржақып Дулатов

13.Қобыланды батыр мінген тұлпары

- A) Қарасерке
- B) Ақтабан
- C) Қарақасқа
- D) Тайбурыл
- E) Байшұбар

14. Батырлар жырының қай жанр түріне жақын екенін белгілеңіз.

- A) Лирикалық жанр
- B) Эпостық жанр
- C) Лиро-эпос
- D) Драма
- E) Повесть

**15. Қобыланды батыр жырында «Лабақтың келіп алдына,
Қыл шылбырмен бұрау сап...» осы үзіндідегі «Лабақ» сөзінің мәні**

- A) ел іші
- B) хан үйі
- C) үйшік
- D) зындан
- E) лашық

16-25 тапсырмалар [әр дұрыс жауап үшін 2 ұнай беріледі]

16. Асанқайғының шығармаларын зерттеуші

- A) Ш.Уәлиханов
- B) А.Байтұрсынов
- C) Ғ.Мүсірепов
- D) Б.Майлин
- E) Ы.Алтынсарин

**17. «Мысалда адамдардың орнына жануарлар мен жәндіктерді,
өсімдіктерді алып көрсеткен. Олар адам істеген әрекетті жасайды»
Бұл қай қатарға тән екенін табыңыз.**

- A) Сатира
- B) Градация
- C) Синекдоха
- D) Антитеза
- E) Аллегория

18. Күрделі сөздерді табыңыз.

- A) Әмбебап
- B) әншілер
- C) КазМҰУ
- D) ұлыма

Е) торлама

19. Жалқы есім болатын қатарды табыңыз.

- A) Боран
- B) Ертегі
- C) Балалар
- D) Айтыс
- E) Абылай

20. Дерексіз зат есімдерді табыңыз

- A) Алтын
- B) Кітап
- C) Қобыз
- D) Қуаныш
- E) Домбыра

21. Қатыстық сын есімді табыңыз.

- A) Қызыл
- B) Аласа
- C) Жақсырақ
- D) Тәтті
- E) Бақытты

22. Күрделі сын есімдерді табыңыз.

- A) Тәтті
- B) Ақ киімді
- C) Тастай
- D) Үлкен
- E) Сыпайы

23. Есім сөзден жасалған сын есімдерді табыңыз.

- A) Адамдық
- B) Жазғыш
- C) Көшпелі
- D) Төзімді
- E) Басыңқы

24. Салыстырмалы шырай бола алатын қатарды табыңыз.

- A) Қып-қызыл
- B) Өте ұзақ
- C) Ұзынырақ
- D) Әдемі
- E) Ашулы

25. Жинақтық сан есімді табыңыз.

- A) Бесеу
- B) Оннан бір

- C) Жиырма
- D) Он-оннан
- E) Екі

26-30 тапсырмалар [әр дұрыс жауап үшін 3 ұнай беріледі]

Қазақ отбасындағы өте ертеден келе жатқан ерекше дәстүрдің бірі – бата беру. Бата – тілі көркем, ізгі тілек түрінде айтылатын қысқа әрі мәні терең сөз. Батаның тәрбиелік маңызы үлкен. Бата берудің өз жолы, дәстүрі, рәсімдері бар. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойда, отбасы мерекелерінде: тұсаукесер, тілашар кезінде жастар қол жайып, үлкендерден бата сұрайды. Батаны кез келген адам бере бермейді. Батаны көпті көрген ақсақалдар мен дана әжелер береді.

Батаның түрлері бар. Ас батасы – асты үстелге әкелгенде немесе ас ішіп болған соң берілетін бата. Ас батасы тамақ ішкен сайын беріледі. Рамазан батасы – үш күнгі ораза айтта айтылатын ізгі тілек, жақсы ниет. Жол батасы ұзақ жолға шыққанда беріледі. Жолға шығарда үй иесі көршілерге, туыстарға тамақ беріп, үлкен ақсақалдан бата алады. Тілек-бата – үлкендер жастарға риза болғанда, реті келген жерде қолын жайып беретін батаның түрі.

Қазақтар сөз өнерін өте жоғары бағалаған. «Бата адамға күш береді, жолын ашады, жаман күштерден сақтайды» деп сенген.

26. Бата -

- A) келер ұрпаққа айтылатын өсиет
- B) ізгі тілек түрінде айтылатын қысқа әрі мәні терең сөз
- C) жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесі
- D) Көңіл күйге байланысты айтылатын жыр шумақтары
- E) Нақыл сөздер, мақал-мәтелдер жиынтығы

27. Батаны кім бере алады?

- A) Қонақтар
- B) Көңілді адамдар
- C) Басқарушылар
- D) Ақсақалдар
- E) Ақылды адамдар

28. Берілген сөздерден біріккен сөзді табыңыз.

- A) Дәстүр
- B) Рәсім
- C) Дастархан
- D) Тілашар
- E) Тілек-бата

29. Тілек-батаның берілуі -

- A) қонақтар кезектесіп айтады.
- B) ас ішіп болған соң берілетін бата
- C) үш күнгі ораза айтта айтылатын ізгі тілек, жақсы ниет

D) ұзақ жолға шыққанда беріледі.

E) үлкендер жастарға риза болғанда, реті келген жерде қолын жайып беретін батаның түрі.

30. Күрделі сөздер қатарын табыңыз.

A) Тұсаукесер, жиын-той

B) Тілашар, рамазан

C) Дастархан, дәстүр

D) Ақсақал, бата

E) Тілек-бата, ораза